

Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы мәслихатының 2022 жылғы 25 мамырдағы № 125 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 мамырда № 28292 болып тіркелді

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақтөбе облыстық мәслихаттың "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері, осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың хатшысы

А. Нугманов

2022 жылғы "25" мамырдағы
№ 125 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша
2009 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 235 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні			
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	168,5

2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	489,2
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	135,9
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	132,8
5.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
6.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	16,3
Торғай, Ырғыз өзендері бассейні			
7.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	146,3
8.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	411,9
9.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	113,3
10.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	113,3
11.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
12.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	-